

**"Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамы акцияларының
мемлекеттік пакетін жекешелендіру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 шілде N 901. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің жарғылық қорынан 60 процент мөлшеріндегі бөлігін сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің жарғылық қорынан 60 процент мөлшеріндегі бөлігін ескертілген шартпен белгіленген инвесторға - "Алаш" акционерлік қоғамы фирмасының басқарушысына сатсын.

3. "Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамы акциялары мемлекеттік пакетінің сатылмаған бөлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің иелігінде қалдырылсын.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

орынбасары